

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ЭНДОСКОПИЯ ХИРУРГТЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ БАС ҚОСТЫ



Гафура Сәрсенбайқызы

Өскеменде Қазақстан эндоскопия хирургтері қауымдастығының екі күнге созылған III конгресі аяқталды. Алтын қолды дәрігер-хирургтердің жиынына облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ арнайы қатысты.

Әлемнің ҮЗДІК ЭНДОСКОПИЯ хирургтері Өскеменде бас қосты

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айта кетейік, облыс орталығында осы конгресс алдында, яғни, маусымның 24-і мен шілденің 3-і аралығында қазақстандық және шетелдік эндохирургия саласының мамандары қаладағы облыстық, №1 қалалық ауруханаларында және ана мен бала орталығында хирургиялық шеберлік сыныптарын өткізіп, 50-ден аса ота жасаған болатын.

Бұл жолы Ертіс пен Үлбінің сағасындағы Өскеменге өз еліміздің белгілі эндоскопист-дәрігерлерімен қатар Үндістан, Ресей, Украина, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан елдерінің де ғалым-мамандары келді.

– Күрметті делегаттар! Біздің облысымызға жоң келдіміздер. Мен барлық жерлеріміздің атынан министрлікке, қауымдастыққа көп рақмет айтамын. Өздеріңіз өте жақсы білесіздер, әрбір мемлекеттің дамуы мен болашағы дени сау және білімді азаматтарына байланысты. Сол себептен де аймағымыздың денсаулық саласын заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге бөлінетін қаражат жыл өткен сайын 12-13 пайызға көбіей түсуде. Бұл салада бүгінде 20 мыңға тарта маман еңбек етіп келеді. Олардың орташа айлық жалақылары 90 мың теңгенің айналасында. Біз әр жыл сайын дәрігер мамандығын алған жастарды тұрғын үймен, арнайы тағайындалған көтермекеймен қамтамасыз етуді дәстүрге айналдырып отырмыз. Ал дәрігерлердің біліктілігін арттыру мақсатында Кореямен, Израйльмен, Ресеймен және басқа да озық мемлекеттермен тығыз байланыс орнатылып, тәжірибе алмасылуы облыс тұрғындарының денсаулығының жақсаруына бірден-бір көмек болып отыр, – деп атап өткен облыс басшысы осындай әріптестіктің нәтижесінде соңғы жылдары ана мен бала өлімі және туберкулез дертінен көз жұматындар саны біршама азайғанын жеткізді.

Бұдан әрі конгресс өткен Орталық мәдениет үйінің төменгі қабатындағы эндохирургиялық хирургия саласының заманауи жетістіктері жайып салынған көрме туралы сөз сөзбақтаған бердібек САПАРБАЕВ:


– Біздің өңірде көптеген денсаулық нысандары салынып жатыр. Облыс тұрғындарын тек емдеп қана қоймай, олардың денсаулығын профилактикалық тексеру, сөйтіп, көптеген аурудың алдын алу үшін біз оларды жаңа технологиялармен қамтылған құрал-жабдықтармен жабдықтауымыз боламыз, – деп нақтылай баяндап өтті.

Көпшілікке түсінікті болу үшін айта кетейік, эндоскопиялық хирургия дегеніміз – тесу арқылы кез келген күрделі ота жасауға болатын қазіргі заманғы хирургия. Мысалы, ішті немесе кеуде қабырғасын тесіп, ол қуысқа арнайы газ жіберіп, сол тесік арқылы аспаппен ота жасау. Нақ сол кезде ота жасалынып жатқан адамның жабық денесінің көрінісі жұқа түтікті эндоскоп арқылы арнайы мониторда көрініп тұрады.

Соңғы жиырма жыл көлемінде медицина қарқынды дамып, бұл тәсіл кеңінен қолданылуда. Ол оталар пациенттің денесінде ешқандай да тырық немесе із қалдырмайтынын өміршең болып отыр.

– Бұл жаңа технология ерекше білім мен біліктілікті қажет етеді. Сондықтан ондай оталар жасауды, тренингтер мен дәрістер өткізуді Қазақстандағы мықты мамандар – Астана медицина университетінің үздіксіз кәсіби дамыту және қосымша білім беру факультеті эндохирургия кафедрасының қызметкерлері және шетелдік мамандар мықтап қолға алғаны сүйінші. Аталған өміршең шараның Өскеменде өтуіне мұрындық болған облыс Әкіміне ерекше риза болып жатырмыз, – дейді конгреске қатысушы атбөлекбі А.Костюк.

– Мұндай үлкен жиындар осымен үшінші мәрте өтіп отыр. Бұрындары Астана мен Ақтөуде өткенді. Бұл шаралар Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ арнайы Жарлығымен 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 «2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сай өткізіліп келеді. Мұның барлығы қазақстандықтардың денсаулығын жақсартуға, тұрақты әлеуметтік-демографиялық дамуға және дәрігерлердің кәсіби деңгейін арттыруға септігін тигізетін



Сурет: Vsephen Seppen Суров

белгілі. Жалпы, осы бір апта ішінде байқағаным, Өскеменде білікті хирургтер баршылық екен. Мені әсіресе, олардың заманауи тұрғыдағы лайым-түсініктері қызықтыды, – дейді Қазақстан эндоскопия хирургтері қауымдастығының президенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор Орал Оспанов.

Шеберлік сыныптары жоғарыда атап өткеніміздей, Өскеменнің үш клиникасында, атап айтқанда, облыстық ауруханада аймақтағы хирургтер үшін жаңа лапароскопиялық және тораскопиялық оталар жасалса, №1 қалалық ауруханада урологтар үшін лапароскопиялық простатэктомиа, ал ана мен бала орталығында балалар хирургтары мен гинекологтар үшін жаңа шағыннвазивті технология бойынша ота жасау тәсілдері көрсетілді. Бұлайша оқыту белгілі астаналық және шетелдік мамандардан дәріс алуға қаржылай немесе басқа да себептермен жағдайы келе бермейтін шығысқазақстандық дәрігерлер қауымына ерекше көмек болғаны сөзсіз.

Конгреске Үнді шағыннвазивті хирургтер қауымдастығының негізін қалаушы және алғашқы президенті Чиннамасы Паланивелу, Украина азинвазивті және лазерлі технологиялар қауымдастығының вице-президенті

Владимир Грубник, Ресейдегі жаңа технологиялар орталығының басшысы Игорь Федоров, Қырғызстан ұлттық хирургия орталығы директорының орынбасары, профессор Эрис Тилеков, Омбы мемлекеттік медицина академиясының проректоры Владимир Полужтов және ТМД елдеріне танымал ғалым доктор-уролог Давид Никольевичи (Грузия) қатысқанының өзі бұл жиынның аса салқилы да жемісті болғанын көрсетсе керек.

Шараның ең салтанатты сәті эндоскопиялық хирургия саласында білгірліктерімен танылғандарға қауымдастықтың алтын медалін тапсыру кезеңі болған еді. Ондай жоғары дәрежеге салада өзекті де заманауи технологияларды пайдалана отырып, үлкен жетістікке қол жеткізген үндістандық ғалым Чиннамасы Паланивелу, украиндық Владимир Грубник, омбылық Владимир Полужтов, Сызғанов институтының ғалым-хирург Манас Сейсембаев, еліміздің бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Жақсылық Досқалиев және басқалар лайықты деп табылыпты. Ең сүйіншісі, қауымдастықтың әркімге бұйыра бермейтін алтын медаліне біздің облысымыздың атақты хирург Әскертай Түселбаевтың лайық деп табылуы болды.